

**«Мен құқығымды суреттеймін»  
қалалық сайысының  
ережесі**

Балалар мен жасөспірімдердің "Мен құқығымды суреттеймін" атты қалалық сурет сайыс туралы ереже (бұдан әрі – ереже) 2019 жылы балалар мен жасөспірімдердің "Мен құқығымды суреттеймін" атты қалалық сурет сайысын (бұдан әрі – Сайыс) өткізудің мақсатын, міндеттерін, шарттары мен тәртібін анықтайды. Сайысқа ұсынылған материалдар осы Ережеге, Сайыстың мақсаты мен міндеттеріне, сондай-ақ мәлімделген шарттарға сәйкес болуы тиіс.

- 1.1. Сайысты ұйымдастырушысы «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі»ММ
- 1.2. Сайысты дайындау мен өткізуге жалпы басшылықты ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) жүзеге асырады.

**Сайыстың мақсаты:**

Қостанай қаласы мектептерінің балалары мен жасөспірімдерінің құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

**Сайыстың міндеттері:**

- құқықты белсенді меңгеруге ынталандыру;
- балалар мен жасөспірімдердің құқықтық мәдениеті мен құқықтық білімін арттыруға ықпал ету;
- адамгершілік-құқықтық тақырыпқа танымдық қызығушылығын дамыту;
- азаматтық және құқықтық тәрбиені жетілдіру үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету;
- қоғамның, муниципалдық және мемлекеттік билік органдарының назарын құқықтық тәрбие мен оны білім беру және басқа да мекемелерде жүзеге асырудың маңыздылығына аудару;
- оқушылардың құқықтық мәдениетін, адамгершілік мінез-құлық нормалары; оқушыларды құқықтық білімді насихаттауға тарту.

**2. Сайыстың шарты**

- 2.1. Сайысқа қатысушыларға суреттерді түрлі техникада және әр түрлі материалдармен (формат А3 артық емес) орындауға ұсынылады.
- 2.2. Сайысқа келесі номинацияда суреттер ұсынады:

***"Мен-азаматпын: менің құқықтарым»***

***"Мен және Заң: менің жауапкершілігім»***

- 2.3. Сайысқа Қостанай қаласы жалпы білім беру мектебінің оқушылары қатысады.
- 2.4. Қатысушылардың жасы: 7-ден 18 жасқа дейін.
- 2.5. Сайыс үш жас санаты бойынша өтеді:
  - 7-12 жас
  - 13-15 жас
  - 16-18 жас
- 2.6. Мектеп үш жұмыс (әр санаттан бір жұмыс) ұсынады.
- 2.7. ҚР конституциясы немесе бала құқығы туралы Конвенциясының баптарына сілтеме жасау қажет.
- 2.8. Сайысқа қатысу өтініммен расталады (№1 қосымша).
- 2.9. Әрбір ұсынылған жұмыс 10 см\*7 см заттаңбамен сүйемелденеді (№ 2 қосымша)
- 2.10. Сайысқа авторлық жұмыстар қабылданады. Басқа адамдардың тең авторлығына жол берілмейді.
- 2.11. Сайыс 2019 жылдың 1 сәуірі мен 2019 жылдың 20 сәуірі аралығында өтеді.
- 2.12. Сайыстық жұмыстар білім бөліміне (тәрбие бөліміне) 2019 жылдың 20 сәуіріне дейін ұсынылады.

### **3. Қорытынды шығару және марапаттау тәртібі**

- 3.1. Сайыстың қазылар алқасының құрамын ұйымдастыру комитеті бекітеді және құзыретті мамандардан құрылады.
- 3.2. Қазылар алқасы әр номинацияда үш жас санаты бойынша үш жеңімпазды таңдап, мақтау қағазымен марапаттайды.
- 3.3. Жұмысты бағалау кезінде қазылар алқасы мыналарды назарына алады:
  - тақырыпқа сәйкестігі;
  - мәнерлілік-көркемдік-эстетикалық қабылдау, композиция, түс шешімі, жалпы әсер;
  - жасампаздық-күтпеген, түпнұсқалық шығармашылық шешімдер, авторлық стильдің болуы;
  - ақпараттық шешім (құрылымы, ақпараттық толтыру ерекшелігі);
  - көркемдік безендіру мен орындау ұқыптылығы
- 3.4. Бағалау әрбір критериялары бойынша 5 балдық жүйе бойынша жүргізіледі.
- 3.5. Сайысқа түскен жұмыстар авторларға қайтарылмайды және пікір берілмейді.

Сайысты ұйымдастырушы жұмыстардың авторлығын міндетті түрде көрсете отырып, коммерциялық емес пайдалану құқығын өзіне қалдырады.

3.7. Сайыстың қорытындысы білім бөлімінің сайтында 2019 жылдың 1 мамырына дейін жарияланады.

Байланыс:

Білім бөлімінің құқық бұзушылықты алдын алу бойынша секторының жетекшісі  
Нугуманова Нургуль Куанышбековна

Тел. 8 (7142) 54-52-97

«Мен құқығымды суреттеймін»

қалалық сайыс туралы

Ережеге № 1 қосымша

Өтінім

Жұмысты сайысқа қабылдауды сұраймын (атауы)

---

Номинация тақырыбы

---

Туған жылы \_\_\_\_\_

Білім беру мекемесінің атауы \_\_\_\_\_

Білім беру мекеменің мекен-жайы \_\_\_\_\_

Білім беру мекемесінің телефоны \_\_\_\_\_

Автордың мекен-жайы \_\_\_\_\_

Байланыст телефоны \_\_\_\_\_

Автордың қолы \_\_\_\_\_

Күні «\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2019 ж.

Өтінімді осы мекен-жайы бойынша жіберу керек: Қостанай қаласы, Білім бөлімі,  
№201 кабинеті

Байланыс телефоны: 8(7142)54-52-97

Н.К. Нугуманова

**«Мен құқығымды суреттеймін»**

қалалық сайыс

туралы ережеге

№2 қосымша

Тегі, аты	Жұмыстың атауы	Жетекшілері, байланыс телефондары